

## **"Басқарушы органдар лаузымды адамдарының болу және тексеру журналын" енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімінің 1998 жылғы 10 шілдедегі № 663 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 1998 жылғы 22 шілдеде № 19 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2007 жылғы 29 маусымдағы N 5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2007 жылғы 29 маусымдағы N 5 шешімімен.**

Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлікті кұруды жандандыру және оның экономикалық дамуының мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3398 "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды және дамуын жандандыруды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын, сондай-ақ "Азаматтар мен Занды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметіне бостандық құқығын қорғау туралы" 1998 жылғы 27 сәурдегі Жарлығын орындау жолында Алматы қаласының Әкімі

### **Шешім қабылдады:**

1. Басқарушы органдардың өз бастамасы бойынша үш жылда бір реттен астам шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді болдырмау мақсатында, Зандар актілерінде тікелей көзделген жағдайда ғана салық органдарының тексеруін қоспағанда, қосымшаға сәйкес "Лауазымды адамдардың болу және тексеру журналы" енгізілген, оны толтырмай кәсіпкер тексерушіні жібермеуге құқы бар.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шағын бизнес департаментіне (Т.А.Алпысбаев) жүктелсін.

<i>Алматы қаласының Әкімі</i>		<i>В.Храпунов</i>		
А л м а т ы		қ а л а с ы		Ә к і м і н і ң
1 9 9 8	ж ы л ғ ы	1 0	ш і л д е д е г і	№ 6 6 3
шешіміне қосымша				

## **Басқарушы органдар лауазымды адамдарының болу және тексеру Журналы**

---

**(ұйымның аталуы)**

\*Қазақстан Республикасы Президентінің "Кәсіпкерлік қызметке бостандықтың мемлекеттік кепілдігін жүзеге асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Жарлығын орындау үшін және лауазымды адамдардың жеке кәсіпкердің ісіне негізделмеген араласу жағдайын болдырмау мақсатында

Орындалуын бақылаушы: Алматы қаласының Әкімі жанындағы Шағын бизнес департаменті, 480004, Алматы қ., Фурманов көшесі, 50, 523,515 бөлмелер. Тел. 33-59-00, 33-20-84

№ р.с	Күні	Тексеруді асырушы аталуы	Тексерушінің ата-жөні, қызметі, қызметтік куәлігінің нөмері	Тексерудің негізгі мақсаты (толтырылған немесе басқа құжаттың нөмері)	Нәти-жесі	Қолы	Ескер-тпе
1	2	3	4	5	6	7	8

**Алқа хатшысы**

**К.К.Тажиева**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК